In given article is considered pedagogical and psihologic arhetipical aspects in modern graphic arts Kazakhstan. Given problem is considered on concrete example national-psychological artistic process cognitions.

ТВОРЧЕСКИЙ ПОДХОД К ВЫПОЛНЕНИЮ ЗАДАНИЙ ПО ЧЕРЧЕНИЮ

Л.Н.Андреева -

*старший преподаватель кафедры «Методики преподавания ИЗО,
музыки и хореографии» КазНПУ им. Абая*

Перед нашей кафедрой и всем факультетом стоит важная задача эстетического воспитания студентов, развития их творческих способностей. Проблема формирования творческой личности будущего учителя многогранна по своему содержанию. Творчество — это то, в чём человек может осуществлять свою свободу, связь с миром, связь со своей глубинной сущностью. Творчество можно рассматривать не только как процесс создания чего-то нового, но и как процесс, протекающий при взаимодействии личности (или внутреннего мира человека) и действительности. При этом изменения происходят не только в действительности, но и в личности.

Развитие творческого начала, творческих способностей человека всегда волнует как ученых-исследователей, так и педагогов, непосредственно занимающихся практической работой с учащимися. В психолого-педагогической литературе все больше внимания уделяется поискам методов и методических приемов обучения, которые способствуют более успешному развитию творческих способностей, обеспечивают активизацию умственной и практической деятельности учащихся. Развивать творческую активность надо с детского возраста, со школьной скамьи.

В этом деле большую помощь оказывают изобразительное искусство, черчение и скульптура - учебные предметы, которые могут использовать возможности для реального развития творческих способностей личности, его творческой индивидуальности.

Для успешного развития творческих способностей учащихся нужно:

- а) сформировать интересы каждого учащегося с учетом их возможностей;

в) продумать приемы осознанного решения различных творческих задач;

с) направлять и активизировать творческие способности учащихся, используя практическую деятельность;

Одним из способов формирования творческих способностей учащихся на уроках черчения является решение творческих задач. Это деятельность, в процессе которой создаются новые индивидуально значимые ценности, раскрываются и развиваются способности личности.

Творческая графическая деятельность учащихся требует:

- планирования учебных занятий с учетом условий (количества, последовательности) введения в учебный процесс задач с творческим содержанием;

- разработки приемов творческой графической деятельности, пригодных для любого вида соответствующей работы;

- выбора методов и средств обучения, наиболее подходящих для конкретных видов творческой работы;

- выделения оптимального времени на выполнение отдельных видов творческих заданий;

- учета индивидуальных особенностей студентов;

- создания творческой атмосферы во время занятий, обстановки доброжелательности к студентам, внимания к каждому творческому предложению учащегося.

Обращаясь к методике развития творческой графической деятельности учащихся, можно увидеть, что творческий процесс не является проявлением каких-то подсознательных сил, а закономерное звено развития мышления, воображения и деятельности человека.

Творчество, это не только озарение и интуиция, но и результат знания о способах действия, поэтому правомерно говорить о возможности обучения творчеству, возможности для учащихся постичь его технологию, наконец, о возможности управлять им. Одним из важных моментов в творческом процессе является поиск решения задачи, перебор всевозможных вариантов, умение конструктивно мыслить. Для оптимального решения задач нужно овладеть различными приемами решения творческих задач, которые описаны в специальной литературе.

В зависимости от типа задачи, ее сложности и степени подготовки студентов можно принять простую схему решения задач. Практически для всех предлагаемых задач схема творческого процесса может быть предложена в следующем виде:

- ознакомление с условием задачи,
- анализ графической информации,
- определение конкретной цели работы,
- выбор правильного решения,
- оформление изображений с учетом графического условия,
- самоконтроль.

Мне бы хотелось предложить на рассмотрение материал, использующийся мной уже в течение 20 лет и вызывающий интерес у студентов.

На занятиях по основам черчения для привлечения интереса к предмету, наряду с заданиями по карточкам /4/, были заданы такие творческие задания:

1. Используя основные типы линий, начертить узор, пейзаж или натюрморт, причем все линии должны быть выполнены в соответствии с ГОСТом (рис.1).

2. Выполнить в виде узоров деление окружности на равные части (рис. 2).

3. Используя основные случаи сопряжения начертить изображение с использованием растительного, животного мира или техники, нахождение центров и точек сопряжения оставить в тонких линиях. Проставить размеры, с учетом того, что ваше изображение смогли бы выполнить дети в школе (рис. 3).

4. Задание на геометрические тела и технический рисунок: начертить игрушку или предметы быта (рис. 4).

Выполнение таких творческих заданий должно способствовать формированию пространственного воображения, развитию логического мышления и творческих способностей студентов.

1. Рубинштейн С. Л. *Основы общей психологии*. - СПб.: Питер, 2005.
2. Ананьев Б. Г. *Человек как предмет познания*. - СПб.: Питер, 2001.
3. Дружинин В. Н. *Психология общих способностей*. - СПб.: Питер, 2002.
4. Андреева Л.Н. *Основы черчения. Учебно-методич. пособие*. – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2007.

Түйін

Мақалада сызу пәні бойынша студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша тақырыптарды ашу мәселелері қамтылған. Олар: техникалық сурет, сызба сызықтарының түрлері, шеңберді тең бөлікке бөлу, түйіндесу, тілік сияқты шығармашылық тапсырмаларды студенттерге орындаудың әдістемелері терең қарастырылады.

Summary

Development of creative abilities of students on employment on plotting. Performance of creative tasks in a subject Plotting bases. On themes: drawing lines, division of a circle into equal parts, interface, a cut, technical drawing.




Рис. 1




Рис. 2




Рис. 3




Рис. 4

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МУМКІНДІКТЕРИ

Н.М.Адамқұлов -

*Абай атындағы ҚазҰПУ, «Этнокөркеммәдениет» ОҒШО
доценті, п.з.к.*

«Қазақтың сәндік қолөнері жайлы ой-пікірлер» мен олардың ерекшеліктері туралы мағлұматтар, сонау ерте заманнан бастау алады Қазақ даласындағы ұлы ғалымдар Әл-Фараби, Дәруіш Әли т.б. аспаптардың теориялық және тәжірибелік негіздерін дамытуда қомақты еңбектер жазып қалдырыды». Қазақтың қолөнер бұйымдарының шығу тегі, тарихы, дамуы, оның турлери мен ерекшеліктері, халық шеберлерінің әдіс-тәсілдері жайлы Қ. Арғынбаев, А. Жұбанов, Ә. Жәнібеков, Ә. Марғұлан және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жан-жақты қарастырған. Ал кейінгі кезде қазақтың қолөнер туындылары түрлерінің жасау технологиясын О.Бейсенқұлов, С.Медеубекұлы, З.Жанұзаков, С. Шалтабаева, Т. Әміреева, және т.б. әдістемелік еңбектерінде дәйектеген. Ал қолөнер негіздері арқылы еңбекке тәрбиелеу мәселері өртедегі XVI ғасырдың ойшылдары Ш.Фурье, Роберт Оуэн және Сен-Симон еңбектерінде балалардың жан-жақты қабілетін дамыту, яғни оларды біліммен қаруландыру, өмірге, еңбекке даярлау, жалпы тәрбиеге байланысты тұжырымдамалар берген.

Қазақ халқы күнделікті тұрмыс тіршілікке қажетті бұйымдар жасап, азық-түлік өнімдерін өндірумен қатар, сән-салтанатта құра білді. Оларға қажетті әшекей бұйымдарды сырға, сақина, білезік, ат әбзелдерін соқты. Біз бұдан халық шығармашылығының қай түрін алсақ та, ешқайсысы бір-бірінен алшақ кетпей, тығыз дамығанын көреміз. Ал қыш өнері сонау біздің дәуірге дейін келе жатқандығы бәрімізге белгілі. ҚР орталық мұражайында б.д.д. I-III ғасырлардағы ыдыстар, тостаған, құмыралар, саптаяқтар, тегенелер тіпті X-XII ғасырлар мөлшеріндегі қыштан жасалған су құбырлардың қазбалары, еліміздің бұл материалымен біте қайнасып, өндірістің көптеген салаларында пайдаланылғаны айғағы. Халқымыз «Бесік», «Шаңырақ», «Кереге», «Ер тоқым», «Қобыз», «Домбыра», «Қыш бұйымдарынан Тостаған», «Тегене», «Саптаяқ» және т.б. сияқты көптеген бұйымдарды отын ретінде пайдаланбақ түгіл, оларды босаға да қоймаған. Оларды қадір-қастерлеп көшкенде өздерімен бірге ала жүрген. Қазіргі кезде егеменді ел болғалы бері барлық бағдарламалар, оқыту жоспарлары өзгерліп көптеген өзгерістер енгізілді. Білім беру жүйесінде жаңа талаптардағы стандарттар, мемлекет тіліндегі жалпы білім жүйесіне арналған оқулықтар, дидактикалық материалдар, әдістемелің нұсқаулар, кәсіптік білім мен жоғарғы оқу орнына арналған оқулықтар барынша жарыққа шығып жатыр. Аталған мамандықтарды дайындау жүйесінде Мемлекеттік стандартқа байланысты оқулықтармен, оқу-әдістемелелік кешендермен, бейне-таспа фильмді әртүрлі көрнекті оқыту құралдарымен, электронды оқулықтармен, энциклопедиялық

анықтамалармен, толықтырылса оқушыларға, болашақ мамандарға білім беру сапасы арта түседі. Сондай-ақ технология мамандықтарына қазіргі жетілдірілген қажетті механикалық құрал-жабдықтар мен шикі заттармен қамтамасыз етілетін арнаулы мекеме (бұрынғы кеңес одағындағы сұраныстарды қабылдап Облысты, Республиканы оқулықтармен, көрнекті құралдармен, қолмен жұмыс істейтін және механикалық құралжабдықтармен қамтамасық етілетін қоймалар), ұйымдастырылса, жалпы білім жүйесін дамытуға, ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауда басым-көптеп оқытуға мүмкіндік туар еді. Әсіреле технология сабағына қажетті арнаулы дайындалатын қолмен және механикалық өндеге арналған құралжабдықтардың, олардың техника қауіпсіздігі плакаттары оқу процесінде өте маңызды орын алады. Кезіндегі Кеңес дәуірінің оқу плакаттары, ағаштың түрлері, жалғамдары, қасиеттері т.б. өте құнды есептелетінді, сондай білім беру әдістемелерін қайта жаңғырту қажеттігі мектептерге өте қажет.

Еңбек тәрбиесінің негіздері туралы И.Ф.Гербарт, Жан-Жак Руссо, Н.Г.Чернышевский, Н.А. Добролюбов, К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, және т.б. қоғам қайраткерлері мен педагогтардың еңбектерінен құнды деректер табамыз. Осы бағытта Абай Құнанбаев еңбек тәрбиесі жөнінде нақыл сөздері және қазақ ойшылары мен демократ – ағартушылары Ш.Құдайбергенов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов т.б. қазақ халқының білімі мен өнеріне, әдет-ғұрпына, салт-санасына байланысты мол рухани мұралар қалдырған. Жалпы білім беру, орта-кәсіптің, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер дайындау барысында қазақтың ұлттық қолөнерін жасату арқылы еңбекке тәрбиелу жүйесі теориялық және практикалық тұрғыдан оқыту процесінде әлі де болса нақты зерттеле қойған жоқ. Оның ең басты себебі, жоғары оқу орындарындағы мамандандыру пәні оқытушыларының және қазақ мектептеріндегі, сурет-сызу, технология (еңбек пәні) мұғалімдерінің қолөнер бұйымдарын жасаудағы біліктілігі мен іскерлігі, ұлттық тәлім-тәрбиеден ұғымдары жеткіліксіз болуынан туындалатыр.

Нақтылы айтқанда проблеманың практикадағы және ғылыми әдебиеттердегі жағдайына талдам жасасақ бірқатар қарама-қайшылықтар жайлы айтуға мүмкіндік береді, олар;

- психология-педагогикалық әдебиеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибесін талдауда сурет, сзызу және технология сабағы мұғалімдерінің құрал-жабдықтарының жоқтығына, материалдардың тапшылығына және кейбір шалғай ауылдарда әлеуметтілік жағдайларына байланысты бүгінгі күннің талап-тілектеріне сәйкес келмейтіндігі арасындағы;

- аталған мамандықтағы оқытушылар мен мұғалімдердің қазіргі заман ғылыми негізінде оқушы-жастарға эстетикалық, еңбек, патриоттық, дене тәрбиelerін беру жүйесінде, оларды пайдалану мен педагогика ғылымында бұл мәселенің әлі де болса қажетті деңгейде шешілмеуі арасындағы;

- сурет, сызу және технология пәндерінің мұғалімдерінің, тиімді пайдалана алатын кәсіби мамандардың жеткіліксіздігі мен бұл салада болашақ мұғалімдер даярлау деңгейіндегі қажетті жабдықтар мен оқулықтардың, көрнекі құралдардың төмендігі арасындағы;

- орта кәсіптік білім беретін және жоғары оқу орындарында бұл проблеманы ендіруге байланысты педагогика ғылыми ұсынған талаптар мен олардың шешімін табуға мүмкіндік туғызатын әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы;

- мемлекет тіліндегі оқулықтар мен әдістемелік және дидактикалық көмекші және көрнекті құралдар әлі де жетіспейтіндігі арасындағы;

- аталған барлық білім беру жүйесінде электронды оқулықтардың мүлдем жоқтығы арасындағы;

- қазақ ұлттық қолөнер бүйымдарын жасау технологиясын қазіргі заман ғылыми негізінде окушы-жастарға еңбек тәрбиесін беру жүйесінде пайдалану мен педагогика ғылымында бұл мәселенің қажетті деңгейде зерттелмеуі арасындағы;

- қазақ ұлттық қолөнер бүйымдарын жасау технологиясын тиімді пайдалана алатын кәсіби мамандардың жеткіліксіздігі мен бұл салада болашақ мұғалімдер даярлау деңгейінің төмендегі арасындағы;

- орта кәсіп білім беретін және жоғары оқу орындарында бұл проблеманы ендіруге байланысты педагогика ғылыми ұсынған талаптар мен олардың шешімін табуға мүмкіндік туғызатын әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы. Бұл сатының мерзімі: орта мектептің 9 сыныптан кейін, 2 жыл арнайы орта білім беретін оқу орындары (колледж). Жоғары арнайы мектепте жаңа моделінің құруылы негіздері. Бұл сатының үздіксіз білім беретін дәрежесі бейнелеу өнер саласы жоғары оқу орындарының: арнайы жоғары мектеп, факультет, бөлім. Оқу мерзімі 5 жыл. Арнайы орта мектепті (көркем-сүрет колледж) бітіргендер, конкурс бойынша, жоғары оқу орнына түседі.

Бейнелеу өнер саласындағы оқу бағдарламалары, нақты мамандар дайындау үшін жасалынады.

Бағдарламалардың ерекшілігі (қазіргімен жалғастырғанда) жалпы бейнелеу өнерінің пәндері – сүрет, әрлеу (живопись) шамалы ғана сағаттар жургізіледі, не болмаса факультатив ретінде қалады. Айтарлық өзгерістер - мұсіншілер, монументалдық сүретші, графиктер сәулет өнерімен (сәулет кеңістегі, қоршаған ортасы) өқу процесsei тығыз байланысуы керек. Жоғары 5 жылдық арнайы мектепті бітіргендерге конкурс арқылы магистратура бір жыл мерзімге шектеледі. Үш жылдық аспирантура да талапкер конкурс пен түседі. 4-ші сатының мерзімі ғалымдар дайындастың социализм кезеңіндегі тарихы тәжірибемен дәлелденеді. Қазіргі ҚР капитализм кезеңінде шет елдің тәжірібесін көшіру жолдары әлі бұлттарпас нәтижелерін көрсетпей тұр. Магистрант (стажер) бір жыл мерзімде ғылыми диссертацияның тақырыбын табу керек. Кандидаттық минимумдарын (шет тілі, қоғам-саяси пән) тапсыруы және ғылыми рефератты қорғау қажет. Үш жылдық аспирантура

мерзімі тек қана диссертация жазуға, оны бітіріп қорғауға орналады. Орта мектеп, арнайы орта мектеп (колледж) дәрежесінде, бейнелеу өнер саласында үздіксіз білім беру міндетті түрде мемлекет қарамағында болуы жалғасады. Бұл сатыда 9 жыл арнайы орта мектеп, 1 жыл колледж мерзімінде, оқушыларға жалпы бейнелеу өнер саласының барлық пәндері ортақ оқытылады. Тек қана колледжің екінші жыл оқуында мамандандыру басталады.

Жоғары арнайы мектеп толық бейнелеу өнерінің жекелген мамандарын дайындайды. Бұл сатыда да мамандарды дайындау, мемлекет өз қарамағында (стипендия, жатақхана) білім беруін жалғастырады.

Төртінші саты, яғни магистратура, аспирантура бейнелеу өнерінің саласындағы нақты мамандарды ғылыми атағын алуына да мемлекет өз қолына алыу керек (стипендия, жатақхана).

1. *Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство.* - Алматы: Өнер, 1982.- 184 б.
2. *Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері.* - Алматы: Өнер, 1986.- 281 б.
3. *Жәнібекеов Ә. ЭХО.* - Алматы: Өнер, 1989.- 59 б.
4. *Касиманов С. Қазақ халқының қолөнері.* - Алматы: Өнер, 1996.- 264 б.

Резюме

В статье рассматривается совершенствование структуры образования в средних и высших специализированных учебных заведениях по национальной модели непрерывного образования в области изобразительных искусств Республики Казахстан.

Summary

You will know perfection of structure of education in average and supreme specialized educational institutions of national model in continuous education in the fine arts of Republic Kazakhstan in this article.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛКТІК ТӘРБИЕГЕ ДАЙЫНДАУ

Р.А.Мендешева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бейнелеу кафедрасының
аға оқытушысы*

Бейнелеу өнерінің болашақ оқытушыларын дайындау мәселесін көптеген педагогтар қарастырып келген. Бейнелеу өнері саласындағы көркем әдеби білімге деген көзқарастар да әртүрлі: зерттеушілердің бір тобы (Н.Н. Ростовцев /1/, Г.В. Беда /2/, К. Болатбаев, А. Накисбеков /3/, Е.Ф. Кузнецов /4/), білім беру қызметінің осы түрін өнер саласындағы немесе экономика, білім, мәдениеттің өнермен байланысты салаларының әртүрлі деңгейдегі мамандар дайындығы ретінде қарастырады; ал зерттеушілердің келесі тобы (Б.М. Неменский /5/, А.А. Мелик-Пашаев /6/) әртүрлі көкейтесті міндеттерді шешуге ықпал ететін білім беру үрдісінің педагогикалық технологиясы ретінде; зерттеушілердің үшінші тобы (Л.С. Выготский /7/, Ю.Н.Хижняк /8/, А.А. Вилкова /9/, Б.А. Альмухамбетов, Б.К. Кудышева /10/), тәрбиеленген құндылықты алып жүретін тұлғаны дамыту және жетілдіру мақсатында жаңа ұрпақты мәдени өндіретін маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Біз өз зерттеуімізде өнерге қатысты еңбек ету мен адамгершіліктікке тәрбиелеумен байланыстыруды қажет деп табатын және дайындыққа әзірлік деп тұлғаның өзін, оның барлық компоненттерінің болайын деп тұрган іс-әрекетке (оның идеялық-мінез-құлықтық ұстанымындарын, шығармашылықтың еңбекке ұмтылысын) және осы белсенді ұстанымын жүзеге асыруға қажетті білім және іскерлік жүйесін менгеруге талап қоятын соңғы топ зерттеушілерінің пікірін қолдаймыз. /11/.

Жоғарыда айтылып өткен зерттеулерге сүйене келе, біз болашақ бейнелеу өнері оқытушыларының мамандық қызметіне дайындығы жауапкершіліксіз қолөнершіні емес, қоғам дамуының болашақ жағдайын түсінетін, жасау идеяларымен рухтанған, жоғарғы талапқа сай мамандарды әзірлеуге негізделуі тиіс деген қорытынды жасаймыз. Бұл тұлғаның шығармашылық өзін-өзі негіздеу және өзін-өзі анықтауы үшін қажетті шарттарды тұзу үрдісі ретінде білімді гуманизацияландыру міндеттерін шешуді талап етеді.

«Дайындық» ұғымын болашақ педагогтарды дайындаудың жеке аспектілеріне қатысты қолданып, қарастырған қазақстандық педагогтар: Н.Н.Хан, Ш.Ж.Колумбаева, К.М.Мухамеджанов, Г.К.Айжанова, Л.А.Ивахнова және басқалар. Бұл зерттеулердің көпшілігі бүтін педагогтық үрдісі саласында өткізілгендейтін, педагогикалық іс-әрекеттің «дайындығы» - арнайы оқыту және өзіндік іс-әрекет тәжірибесінің және үш құрамды бөлік: мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық және процессуальдықты қамтитын белгілі-бір білім мен іскерлік сияқты педагог тұлғасының мамандығы үшін маңызды сапа элементтерінен тұратын жағдайдың ықпалымен қалыптасатын

күрделі білім деп келетін Н.Д. Хмельдің пікірімен келіспеуге болмайды.

Н.Д. Хмельдің пайымдауынша, педагогикалық білім берудің мақсаты бүтін педагогикалық үрдіс ерекшеліктері мен гуманистік бағыттылыққа сәйкес келуге тиісті педагог құзіреттілігінің, оның қабілеттерінің өз қүшімен дамуы, мамандану мақсаттарды жауапкершілікті шеше білуі және өзінің кәсіптік мәдениетін және тұлғалық мәдениетті үздіксіз жетілдіруі болып табылады. Біз өз зерттеуімізде осы қозқарасқа сүйене отырып, бейнелеу өнері құралдарының көмегімен оқушыларды гуманистік, адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға болашақ педагогтардың дайындығын – тұлғада себептілік-құндылықтық, мазмұндық, технологиялық және шығармашылықтық компоненттерді біріктіретін бүтін педагогтық білім деп қарастыруымызға болады /12/.

К.М.Мухамеджанов, болашақ оқытушылардың оқыту үрдісінде оқушылармен шығармашылықтық өзараәрекеттілікті үйымдастыруға дайындығын зерттей келе, болашақ оқытушылар үшін зерттелудегі сапаны қалыптастыруды олар кәсіптік қызметті бастағанға дейін, яғни институт қабырғасынан бастау қажет деп санайды. Н.Д. Хмельдің кәсіптік білім беру теориясына сүйенсек, ғалым берілген дайындық үрдісіне себептілік, мазмұндық, операциялық компоненттерді қосады /13/.

Г.К. Айжанова, болашақ оқытушының бүтін педагогикалық үрдісте жасөспірімдердің тұлғалық өзінбекіту үрдісін үйымдастыруға дайындығын қарастыра отырып, баяндалған дайындықты кәсіптікке бағытталған барлық педагогикалық үрдістің ұсынылған іс-әрекет саласындағы тұлғаның бүтін білімі ретінде сараптайды /14/.

Л.А. Ивахнова пән оқулықтары мазмұнын жүйелеуге бейнелеу өнері оқытушысының дайындығын шығармашылық қызмет тәжірибесі мен шынайы құбылыстарды бейнелеу және көркемдік таным әдістері және көркем шығармашылық, бейнелеу қызметі тәсілдері, іскерліктері, білімі арқылы мәдениет бөлігі ретінде оқыту пәнінің мазмұнын түсіну арқылы ашады /15/.

Жоғарыда келтірілген негіздерге сүйене отырып, болашақ оқытушының жасөспірімдерде бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға дайындығы мәселесінің келесі анықтамасын ұсынамыз.

«Болашақ оқытушының жасөспірімдерде бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға дайындығы» - бұл оқушыларды бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктікке тәрбиелеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін іскерлік, қабілет, білімнен тұратын тұлғаның интегративті сапасы.

1. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе: Учеб. для вузов / 3-е изд., доп. и перераб. - М.: Агар; Рандеву-АМ, 2000. - 251 с.

2. Беда Г.В. Живопись: Учеб. для студентов пед. ин-тов по спец.

№ 2109 «Черчение, изобраз. искусство и труд». – М.: Просвещение, 1986.-192 с.

3. Болатбаев К., Накисбеков А. *Бейнелеу өнері пәні бойынша студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге үйрету: Методическое пособие для студентов ХГФ.- Алматы, 1992 - с.44.*
4. Кузнецов Е.Ф. *Постановка глаза рисующих в работе с натурой: Учебное пособие.- Курск: КГУ, 2008. - 171с.*
5. Неменский Б.М. *Мудрость красоты: О проблемах эстет. воспитания. Кн. для учителя.- М.: Просвещение, 1981.-192 с.*
6. Мелик-Пашаев А.А., Новлянская З.Н. *Ступеньки к творчеству: художественное развитие в семье.- М.: Педагогика, 1987.- 144 с.*
7. Выготский Л.С. *Психология искусства. – СПБ.: Азбука, 2001.-416 с.*
8. Хижняк Ю.Н. *Как прекрасен этот мир: из опыта работы по нравств. - эстет. воспитанию школьников: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1986.- 159 с.*
9. Вилкова А.А. *Культурология: Учебно-методический комплекс /Н.В. Лакаева, А.А. Вилкова; Ульян.гос.техн.ун-т. - Ульяновск: УлГТУ, 2003. - 132 с.*
10. Альмухамбетов Б.А., Кудышева Б.К. *Человекосозидающий потенциал искусства // Научно-методический журнал «Творческая педагогика» - Алматы.- 2007. - № 3 (32). - 112 с.*

Резюме

В статье рассматриваются возможности учебного предмета «Изобразительное искусство» в формировании гуманистического мировоззрения школьников. Автор анализирует труды известных ученых, художников-педагогов.

Summary

The article touches the way of forming humanistic culture in pupils studying with help of fine arts. In particular, theoretical and practical aspects from examples of world, Soviet, Kazakhstan pedagogies, on the given question.

**ПЛЕНЭРЛІК ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНІЦ ҚӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

З.Ж.Рабилова -
живопись кафедрасының аға оқытушысы

Бейнелеу өнері саласы бойынша педагогикалық оқу-әдіstemелік жұмыстар аумағында зерттеу мәселесінің осы заманғы күйін оқып білу, аудиториядан тыс жұмысты, жалпы кәсіби және арнайы пәндерден бағдарламаларды талдау, Қазақстан республикасының бірқатар аймақтық қалаларында жұмыс істейтін Қазақстан жоғарғы оқу орындарының Көркемсурет факультеттерінің бтірушілеріне сұраныс, педагогикалық тәжірибе барысындағы студенттердің жұмысын педагогикалық түрде бақылау, жоғарғы оқу орындарындағы оқу-тәрбиелік үрдісінде аудиториядан тыс «Пленэрлік практика» барысында барлық мүмкіншіліктердің пайдаланылмайтынын көрсетті, ал болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің дәстүрлі кәсіби дайындығын жоғарғы оқу орнындағы оқу жылдары бойы кәсіби-шығармашыл белсенді тұлғаны қалыптастырмайтынын көрсетті. Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамыту жұмысына студенттердің жеткіліксіз дайындығы осының нәтижесі болып табылады. Сондықтан Бейнелеу өнері бойынша Көркемсурет факультеттеріндегі «Бейнелеу өнері және сыйзу» мамандығы бойынша оқытын болашақ мұғалімдерге арналған жаңа оқу бағдарламалары мен оқу-әдіstemелік құралдар құрастыру қазіргі таңда ауадай қажет. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің кәсіби маман болып қалыптасуына олардың шығармашылық белсенділігін арттыру арқылы іс-әрекетін дамытуға болады. Егер:

А. Пленэрлік практика барысында болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар дұрыс пайдаланылса.

Ә. Пленэрлік практика барысындағы іс-әрекет болашақ мұғалімдердің шығармашылық белсенділігінің қалыптасуына тиімді болса.

Б. Көркемсурет факультетінде пленэрлік практика арқылы болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал ететін әдіstememe жасалынса.

В. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мақсатында аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу үшін мұғалімдерге арналған әдіstemелік нұсқаулар құрастырылса.

Г. Пленэрлік практика барысында аудиториядан тыс іс-әрекеттің әртүрлі үлгілерін пайдалану дағдыланса.

Д. Оқудың проблемалық технологиясының элементтерін белсенді пайдалану сияқты педагогикалық шарттарды сактаған жағдайда.

Жоғарыдағы мәселелер бойынша біз педагогикалық жағдайларды талдау әдісі үлгісінде негізделген мәселелік-шығармашылық тапсырмаларды, қарапайым көркемсуреттік композиция ойластыру әдісіне негізделген көркем-шығармашылық тапсырмаларды пайдалануды ұсынып отырымыз. Мұндай тапсырмалар мен мәселелер көркемсуреттік-қабылдау өсерін жинауға, шығармашылық қабілеттіліктің, ойлау қабілетін, шығармашылық жұмыстарға қызығушылықты дамытуға ықпал етуі сөзсіз. Жұмыстың осы кезеңінде біз арнайы дайындалған тапсырны студенттердің өз бетінше орындаушылық қабілетін анықтау әдісін жіп пайдаландық.

Жеке және топтық жұмысты байланыстыру түрінде «Пленэрлік практика» курсындағы «Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру» мәселесі бойынша шығармашылық өздігінен даму мен өздігінен жүзеге асыру дағдыларын нәтижелілікпен бекіту бойынша сараптама тобының 3 курс студенттерінің өзіндік жұмысы жүргізіліп, сабак практикалық болғандықтан сонында тесттік сұрақтар дайындалды. Студенттерге тест сұрақтарына жазбаша жауап беру ұсынылды: 1) «Сізге қандай қызмет түрі болсын көшбасшы болуға қалай қарайсыз?», 2) Сіз үшін құрбыларыңыз бен салыстырғанда бір нәрсеге қатты қызығушылық пен еліктеушілік басым ба?», 3) Сіз үшін ойыңызды барынша толық жүзеге асыра алатын, талпыныс жасайтын, қызығушылығыңызды арттыратын қызмет түрі бар ма?», 4) «Сіз өзіңізді өз құрбыларыңызбен салыстырғанда білімдар, көп нәрседен хабардармын деп ойлайсыз ба?», 5) «Сіз пленэрлік практиканан басқа да уақытта шығармашылықпен өз бетінізше айналысуға дайынсыз ба? 6) «Бос уақытыңыздың маңызды бөлігін өзіңіздің жақсы көретін жұмысыныңға (ісінізге) арнауға тырысасыз ба?», 7) «Сізді батыл адам деп айтуда бола ма?», 8) Өзіңізді кәсіби суретшілердің арасында қандай дәрежедемін деп айта аласыз? », 9) Соңғы кездерде жұмысыңызда жеттіңізбе?».

Әрбір «иә» деген жауап – «1» балл, әрбір «жоқ» деген жауап – «0» балға бағаланады. Сонынан тесттерді жинап, нәтижелерін өндеп, оларды талдайтын осы мәселе бойынша тиісті қорытынды (әрбір студент пен топтың шығармашылығын өзін-өзі көрсету қабілеттілігінің деңгейін табу) жасайтын студенттерден тұратын топ таңдалды.

Егер студент «0» балл алса – өзін-өзі көрсету деңгейі өте төмен; «1-2» балл – төменгі деңгей; «3-4» балл ортаңғы деңгейден төмен; «5» балл – орташа; «6-7» балл – ортадан жоғары; «8-9» балл – шығармашылықпен өзін-өзі көрсетудің жоғары деңгейі. Осыдан кейін барлық топқа арнап шығармашылықпен өзін-өзі көрсетудің жалпы бағдарламасы бірігіп құралады, ол талқыланады, түзетіледі және ары қарайғы жұмысында жүзеге асырылды.

Өзіндік жұмыспен қатар арнайы курстардың әрбір практикалық сабакында біз сондай-ақ оқыту-шығармашылық жұмыстың жеке және топтың түрлерін байланыстырдық. Осылай семинарлық сабактарда өзара рецензиялау, жеке және топтық мәселелік-шығармашылық тапсырмаларды

өзара бағалау пайдаланылды. Кішігірім оқыту топтарын жинақтай отырып, біз студенттердің психологиялық сыйысушылығын ескердік, бірігіп жұмыс істеу деңгейінде сабакқа қатысушылардың өзара қарым-қатынасының пайда болуына ықпалын тигізетіндегі сабакқа қатысушылардың өзара бірін-бірі толықтыру мен даусыздық принципін пайдаландық.

Сонымен қатар «Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру» мәселесі бойынша шығармашылықтың негізін, оның көріну түрлері және үдеріске кедергі себептерді танып білуге бағытталған жаттығулар жасауды ұсынамыз. Мәселен «Жыл мезгілдері» жаттығуы. Топтағы қатысушылар шеңбер құрып отырады да, оқытушы оларға жер жүзіндегі бейнелеу өнері шығармашылығындағы табиғат көрінісін (пейзаж) бейнелейтін суретшілердің аты-жөнін, атақты картинасымен аталуын, қай елдің суретшісі екенін және қай дәуірдегі жұмыс екені туралы айтып беруді ұсынады. Содан соң қатысушылардың біреуінен бастап беруді өтінеді. Ары қарай сағат тілі бойынша әр қатысушы өзі білетін, еліктейтін немесе өзіне ұнайтын белгілі суретшінің жұмысы мен аты-жөнін айтып, келесі кезектегі студентке қарайды, келесі студент оны әрі қарай жалғастырады. Сабакта осы жұмысты шеңбер бойынша екі-үш мәрте жүргізу жеткілікті. Бұл жаттығу топтағы қатысушыларға бейнелеу өнерінің пейзаж жанрында әр дәуірдегі пленэрлік жұмыстың жалғасуындағы даму ерекшеліктері мен жазу әдістерін суреттеу арқылы шығармашылықтың негізі мен оның көрініс салаларын танып білуге мүмкіншілік береді.

Сондай-ақ қатар «Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру» мәселесі бойынша тұлғаның шығамашылық белсенділігін көрсетуге сыртқы және ішкі кедергілерді танып білу үшін пайдаланған басқа жаттығудан мысал келтірейік Енді жартылай шеңберге тұрып, кез-келген студентке өз еркімен алға шығып, өзінің құрбыларының алдында (қылқаламмен, көмірмен немесе қарынжашпен, кенепке, қағазға немесе картонға) белгілі бір табиғат көрінісінің бөлігін белгілі бір уақыт (5 минут, 7 минут, 10 минут) ішінде этюд орынданап беру арқылы «шебер класс» жаттығуын жасайды. Жаттығудағы тапсырма өзгеріп тұрады, мысалы: реңдік қатынасқа байланысты, түстік қатынасқа байланысты, кеңістікке байланысты, перспективаға байланысты, т.б. Ол үшін бір адам өзінің материалдары мен бояуын алғып жан-жағындағы кез-келген өзіне ұнаган бөлікті тез арада жазықтыққа орындаиды да кезекті келесі қалаған адамға береді, ол өзінің шеберлігін сынап болған соң келесісі бағын сынайды осылайша әркім өзінің білімі мен шеберлігін жарысу түрінде анықтап, сонынан жетекшінің көмегімен талдау жасалынады.

Жүргізілген жарысты талқылау барысында біз топқа мынадай сұрақтар қойдық: «Тапсырманы орындау кезінде сіз қандай негізгі қыыншылықтарға тап болдыңыз?», «Қойылған тапсырманы шешуде сізге не көмектесті?», «Сіздің бойыңызда қандай әсер пайда болып, жұмыс барысында қалай өзгерді?». Топтағы қатысыушылардың арасынан жауап берушілер былай

деді: «Тез арада қолымдағы заттарды пайдалану өте қын болды», «Өзіме ұнаған көріністі тез орындаған қоямын деген ойыма жету оп-оңай деп ойлағаныммен іске кіріскенде ештеңе көрсете алмадым», «Басқалардың жұмыс орындағанын көргеннен кейін ғана өзімнің қателігімді түсіндім», «Жұмысқа қатты көңіл бөлгендіктен берілген уақытта тапсырманы орындаң үлгермедім», «Басқалардың алдында өзімді көрсетуге ұялып, жұмысымды орындағанда ойымды дұрыс бере алмадым».

Міне осының бәрі студенттердің көптің алдында еркін жұмыс жазуда кедергі болған қыындықтар пайда болғандығын, олардың қобалжу, ұялу, өзін-өзі бағалау сезімдерінің тәмендігі мен ішкі кедергілердің басым екендігін көрсетеді.

Талқылау барысында анық көрініс тапқан шығармашылық белсенділіктің көрінуінің сыртқы кедергілеріне топтағы адамдардың уақыттығыздығын, топтағы басқалардың баға беруін жатқызды. Жаттығу шығармашылық белсенділікті көрсетуге қандай жағдайдың ықпал ететіндігін және шығармашылық жұмыстың кедергілерін түсінуге бағытталған шарттарды жақсылап түсінуге мүмкіндік беріп, болашақ мұғалімдердің болашақта кәсіби маман болуына шығармашылық белсенділіктің әсері бірден-бір себебін тигізеді.

1. Роджерс Н.Творчество как усиление себя // Вопросы психологии.- 1990 . - №1 . - С.164-168.
2. Выготский Л.С. Психология искусства.-М.:Педагогика,1968.-576с.
3. Кипиани Н.В. Творчество как сущность активности психики и основа ее развития: Автореф.к.псих.н.:19.00.01. -М., 2003.-357с.
4. Смирнова Т.И. Развитие творческой активности студентов в процессе педагогической практики: Дисс.к.п.н.:13.00.08.- Киев,2000.-179 с.
5. Молдабекова Ә. Гуманитарлық пәндерді оқыту барысында болашақ өнер мамандарының кәсіп кәсіптік біліктілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.- Алматы, 2007. – 168 б.

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования профессионально-творческой активности будущих учителей изобразительного искусства в процессе прохождения пленэрной практики. Прослеживаются методологические основы понятия «профессионально-творческая активность» в философском и психолого-педагогическом ракурсах.

Summary

In article the problem of formation of professional-creative activity of the future teachers of the fine arts in the course of passage of plain-air practice is considered. Methodological bases of concept are traced Is professional-creative activity in philosophical and psihologo-pedagogichesim foreshortenings.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ш.Ә.Ақбаева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің «Бейнелеу өнері, музика және хореографияны оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ә.к.

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбие сапасы қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай деңгейде болмақ. Жоғары оқу орнында білім алып жатқан болашақ суретші жас маман білікті білім, өнерлі де өнегелі тәрбие алып, ертеңгі күні мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне толығымен жауапты тұлға екені баршамызға мәлім. Демек, «Оқусыз білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ» деген халық даналығы /1/.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жіберген Жолдауында: бүгінгі біздің «тұрғызатын қоғам ар-ожданы мол, белсенді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы қажет..... Қазақстан бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының ғасырлық озық үлгілері мен дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген сөздері де болашақ ұрпақты өнерге, рухани -мәдени мұралар, дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қажеттігі айтылады /2/.

Қазіргі жалпы орта білім беретін мектебіміздегі бейнелеу өнері пәнінің өз дамуында жеке тұлғага бағдарланып отырған жағдайда оқушы жастардың бойына дарыттылуына тиіс теңдессіз байлық көздеріміз өзіміздің халықтың қол өнер туындыларымыз, өнер құндылықтарымыз бен рухани мәдениетіміз болса, қалайша мектепте бұл пәннің мәртебесінің ойсырауына жол беруге болады ?!

Бейнелеу өнерінің пәндік мәртебесінің сақталуында өзге де шаралардың ішінде аса маңызды бір жолы бар. Ол – жалпы орта мектепте жүргізілетін бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұнының өзіндік табиғи болмысы мен дәстүрлі сипатын сақтай отырып, жаңа заманның уақыт талабына сай жаңаша пән болуы талап етіледі.

Осыған байланысты болашақ суретші - педагог мамандарды «бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәні бойынша игерілетін кәсіби көркем-теориялық білімдері мен біліктеріне және де оларды мектеп өміріндегі әртүрлі педагогикалық, психологиялық, әдістемелік іс-тәжірибелік шараларына баса назар аударылып отырғаны мәлім. Білім мазмұнының ең басты мақсаты да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: (2007 ж., шілде) «нақты білім мен біліктер жиынтыны оқып менгеруден нақты жеке тұлғаның адамгершілік-имандылық, ерік сапаларын, құзыреттілігін қалыптастыруға ат салысып қолға алушы және де өз Отанына сүйіспеншілігін, сыйластырын, халық дәстүрлерін, өнерін, мәдениетін жас ұрпаққа менгерту, сіңіру – негізгі міндеттердің бірі болып саналады» /3/.

Осы жоғары да айтылғандардың бәрі ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің қурамдас бір бөлігі - жалпы орта мектепте бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесін ЖОО-ның көркем сурет факультетінде студенттерге оқытып көркем-теориялық білімді менгерту барысында пәннің тарихи мазмұнын, дамуын жан-жақты зерделеп, қазіргі уақытқа дейін жеткен, жинақталған мол іс-тәжірибелерді тиімді пайдаланудың қажеттілігін арттыра түседі.

Бұл айтылған мәселе бейнелеу өнері пәннің білім мазмұнын құруда төмендегідей ұстанымдар негізге алынады.

Олар:

1. Өнерсіз, мәдениетсіз жаңа әлеуметтік және экономикалық қарым қатынастарды құру мүмкін емес. Сондықтан жалпы орта білім беретін мектептердің білім мазмұнында бейнелеу өнері пәннің өзіндік табиғи, тарихи сипатын, ұлттық болмысын толық сақтап ендіру. Сондықтан да орта білім беретін мектептердің білім мазмұнында бейнелеу өнері пән ретінде өзінің дербестігі мен ерекшеліктерін сақтайды.

2. Бейнелеу өнерінің пәні өз мазмұнында әлемдік құбылыс болып табылатын интеграция үрдісінен тыс қала алмайды. Сондықтан да оның білім мазмұны өзге халықтардың өнері, мәдениеті, әлем халықтарының мәдениет қазыналарының озық ұлгілерімен, сұлулық, адамгершілік, дүниетанымдық тенденциялармен интеграциялық үйлесім табатын болады.

3. Бейнелеу өнерінің пәннің білім мазмұны жалпы орта білім беретін көркемдік білім мен біліктер жиыны ретінде ұсынылудан бірте тұлға қалыптастыруышылық сипатқа көшеді. Бұл дегеніміз мектептегі бейнелеу өнері оқулығы. Ол өзінің академиялық сипатынан бірте-бірте босанып, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға басым түрде бағытталынатын болады деген сөз. Бұл құзыреттер 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында айқындалғаны бәрімізге мәлім. Олар: құндылықты-бағдарлық, мәдениеттанымдық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, әлуметтік, тұлғаның өзін-өзі дамытуы сияқты басты –басты кілттік құзыреттер.

- Оқу-танымдық құзыреттілік - өзіндік оқу- танымдық процесс пен ғылыми-зерттеушілік әрекеттерді қамтамасыз ететін құзыреттілік.

- Тұлғаның өзін-өзі дамыту құзыреттілік – бұл қоғамдық, отбасылық, еңбек қатынастар сласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болуы және өз мүмкіндіктерін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және өз қызметтерін өзіндік қадір-қасиеттермен үйимдастыра білу, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарau. т.б.

- Коммуникативті құзыреттілік- өзіндік іс-әрекет пен қарым – қатына тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс жасай алу дағдыларын, өмірдегі нақты әртүрлі жағдайларда тез арада онтайлы шешім қабылдай алу дағдылары болуы.

- Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік – қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеттіліктері, азаматтылығы мен елжандылығы.

- Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік- білім мен ақпараттарды өз дәрежесінде ақпараттық технологиялардың көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу қабілеті мен өз бетінше ізденушілік, әдістемелік тапсырма жұмыстарын белсенді түрде орындай алуы, таңдай алуы, талдай білуі.

- Мәдениеттанымдық құзыреттілік- жалпы адамзаттық, рухани-мәдени, ұлттық құндылықтар мен жетістіктер негізіндегі іс-әрекеттік тәжірибелерін сонымен қатар, дәстүрлі өнер, салт-дәстүрлер тарихын, түрлерін, табиғи ерекшеліктерін, мәдениет пен өнер негіздерін менгеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерді тани білуі. Адам мен қоғам дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өз халқының төл мәдениетін, тілін, дінін, өнерін түсінуге, игеруге, бағалауға мүмкіндік беретін тәсілдерді менгерту.

4. Білім мазмұнын оңтайлы шешіп менгерту нәтижесі түрғысында үл құзыреттерге білім мен білік, көркем-эстетикалық тәрбиенің біртұтастық принципі дәрежесінде ескеріледі. Халықтық қол өнер шығармалары мен көркем шығармашылық туындылар үлгілерінің танымдық, тәрбиелік мәні мен маңызы бірдей қарастырылады.

5. «Бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәнінің білім мазмұнында болашақ жас суретші –педагог мамандарды үлкен де жауапкершілікті талап ететін мектеп өміріне әдістемелік түрғыда кәсіби даярлауды көздейді. Сондықтан білім мазмұнының әдістемелік тапсырмаларында жас суретші – педагог маман бойына мынадай сапаларды қалыптастыру көзделеді. Олар:

- Саналы да сапалы таңдай жасай білу қабілеттері.
- Пәндегі әртүрлі әдістемелік-теориялық тапсырмаларды орындау барысында, өздерінің іс-әрекеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарау, сезіну қабілеттері, белсенді білім алуды ұстану, рухани-мәдени, өнер құндылықтарын барынша игере білу, қоғамымыздағы әртүрлі өзгерістерге (экономикалық, әлеуметтік т.б. с.с.) икемделе білу.

6. Аталған пәннің білім мазмұны жас маманның өмір бойы өз бетінше саналы түрде білім, тәжірибе жинақтауға дағдыландыруды қамтамасыз етеді.

Суретші-мұғалім даярлаудың теориясы оқу пәндерінің, оқу-тәрбие процестерінің және олардың құрылымы, байланыстары мен қатынастары жөніндегі ғылыми білімдердің көрінісі болып табылады. Ғылыми еңбектерде оның түсіндірушілік, болжаушылық, жинақтаушылық, әдіснамалық функцияларын қолдану арқылы, үл мәселенің мектеп өмірімен тікелей байланысы белгіленген.

«Бейнелеу өнері» пәнінің мұғалімдерін даярлаудың мазмұны мен әдістерін жетілдірудің мән-мазмұндық сипатының өзгерісі болып төмендегілер белгіленеді:

- педагогикалық практикалық іс-әрекеттерге студенттерді мейлінше қатыстыру;

- педагогикалық практиканы ұйымдастыру арқылы педагогикалық, психологиялық әдістемелік теорияларды зерделеу;
- студенттердің бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі пәніндегі шығармашылық танымдық іс-әрекеттерін белсенді ету, оқу аудиториялары мен шеберханалардағы тапсырмаларды мектептегі бейнелеу өнері пәнінің іс-әрекеттерімен кіріктіре және тығыз сабактастықта ету;
- сабактың тиімділігін едәуір арттыру, әрбір оқу жоспары сағаттарын тиімді пайдалану, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, ғылыми-семинар сабактарын кеңейту мен терендету тенденцияларын белгілеу;
- студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын тудыруға қабілетті, курстық жұмыстарды кең түрде қолдану. Эсселер, ғылыми баяндамалар, рефераттар жаздырту.
- лекция, семинар, практикалық сабактарды өту процесінде, дайын білімдердің көлемі азайтылып, студенттердің өзбеттерінше пән бойынша әдебиеттер, әдістемелік көмекші құралдармен жұмыс жасауына (лабораторияда, педагогикалық практикада және т.б. өзіндік жұмыс) көңіл бөлу;
- студенттердің ақыл-ой іс-әрекеттерін белсендіруші, шығармашылық ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді ұсыну (проблемалы және программалы оқыту).

Педагогикалық әдебиеттерде білім еki түрлі мазынада қолданылады:

1. Білім беру мазмұны; (білімнің түрлері мен олардың құрылымы).

2. Мазмұнды оқушылардың менгеру нәтижесі.

«Білім құрылымы фактілерді, түсініктерді, зандар мен зандылықтарды, идеяны, теорияны қамтиды. Білім беру қашанда да танымдық іс-әрекеттің өнімі болып табылады және студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару арқылы ғана білімді менгерту процесін басқаруға болады», - деген Н.Ф. Талызина. Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттегі даярлығы В.А. Сластениннің еңбегінде өте жақсы сипатталған. Қазіргі кезде психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымы белгілі бір педагогикалық, психологиялық жағдай, жеке тұлғаның тұрақты мәнді сипаты, жеке тұлғаның құрделі құрылымдық білімі, мотивациялық және процессуалды компоненттердің ажырамас бірлігі, педагогикалық кәсіби мәнді сапаға қажетті білім, білік, дағылар жиынтығын біріктіретін білім ретінде қарастырылады.

1. Шакузадаулы Н. Жетістікке жету жолдары.- Алматы, 2002.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан халқына Жолдауы. 1 наурыз 2006 ж.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: (2007 ж., шілде).

Резюме

В статье рассмотрены вопросы теории и методики преподавания изобразительного искусства в вузе, выделены некоторые наиболее актуальные линии развития содержаний, организационных форм и методов предмета «Методика преподавания изобразительного искусства».

Summary

In article are considered questions theory of the methods of the teaching imitative in the University, are accentuate some most actual lines of the development and purport, organization forms and methods theme, “Of the methods of the teaching imitative”.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САЛАСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

К.К.Келденова, С.К.Келденова -
живопись кафедрасының оқытушылары

Соңғы уақытта біздің мемлекетіміз балаларға қосымша білім беруге тиісті көніл бөліп отыр: балалар шығармашылығының орталықтары, оқушылар үйі, жас техниктер станциясы, аула клубтары, жас натуралистер станциясы және т.б. ашылуда. Мұндай мекемелердің айрықша белгісі олардың қызмет бағыттарының алуан түрлілігі болып табылады, бұл шығармашылық дарындылықтың сан алуан түрлерін айқындауға, дамытуши білім технологияларын, креативтілік пен шығармашылық қабілеттерді шынайы дамытуға бағытталған авторлық жаңа буын бағдарламаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Балалар өздерінің табиғатына жақынды, өздерінің қажеттіліктерін, мұдделерін қанағаттандыратынды таңдап алады. Қосымша білім берудің мәні осында: ол балаға балғын жастан өзін-өзі анықтауға көмектеседі, оның өзін-өзі танытуына, әлеуметтік мәнді міндеттерді шеше отырып, балалық шағында толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сонымен, Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалы негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие берудің өзекті міндеттерін жүзеге асыруда қосымша білім берудің ерекше бір саласы ретінде балаларға қосымша білім беру жүйесінің әлеуеті орасан зор. Нағыз осы қосымша білім беру саласында тұлғаның өзін қалыптастыруына, дамытуына, жетілдіруіне, өзінің әрекетшіл мәнін ашуына байланысты көркем білім берудің жаңа нысандарын, әдістерін және мазмұнын әзірлеу ерекше көніл бөлуді талап етеді. Осылайша біздің зерттеу саламыз қосымша көркем білім беру шенберімен, оның үстіне бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерімен және Қазақстанның ұлттық сәндік-қолданбалы өнері материалдарымен шектеледі. XX және XXI

1. Рейковский Я. Экспериментальная психология эмоций. - М., 1979. - С.204.
2. Современный словарь иностранных языков / Сост. А.Г. Сиркин, 1980. - С.204.
3. Шовкомуд Э.А. Эмоциональная отзывчивость. // Педагогика.- 1991. - №3. -С.40.
4. Каргапольцев С.М. Музыка и развитие эмоционально-нравственной отзывчивости младших школьников. - М., 1994.- С. 63.

Түйін

Бұл мақалада әншілік өнері – балалардың сезімталдық қабілетін дамытудың негізгі факторы болып қарастырылады. Автор балалардың әншілік тәрбиесі мәселелерін шешуіне қажет маңызды ережелерді анықтайды.

Summary

In given article are considered particularities and contents vocal work in baby chorus. The autor selects the most important positions concerning questions of singing education of children.

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БОЛАШАҚ МҰРАТЫ РЕТИНДЕ

С.П.Тастанова, А.П.Тастанова -
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың II курс магистранттары

Қазіргі нарықтық қатынасқа сатылай өтіп жатқан кезеңде қоғам мен мемлекет, өзін таныған, түсінігі мол, ұлтын сүйетін, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан рухани сау, табиғи мықты, жалпы адамдық және ұлттық мінезд-құлық нормаларын іске асыра алатын, рухани жағынан жетілген жан-жақты ұрпақ тәрбиелеуге өте мүдделі. адам тұмысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды. XII ғ. білімді оқымысты ақын Ахмет Иүгенеки ойынша, адамгершілік мінезд-құлық

уағыздау жолымен ғана емес, оларда моральдық сенімді дамыту және адамгершілікке бейімділікті туғызу арқылы қалыптасады деп атап көрсеткен /1, 287-288/.

Жеке адамның бойындағы барлық жақсы, жаман құбылыстардың бастапқы нышандары балалық шақта қаланып, адамның өмірі бойындағы іс-әрекеттердің негізгі көзі болып табылады. Баланың өмірге келген сәттен бастап, кемелденіп азамат болып қалыптасқанға дейінгі жан-жақты тәрбие беруді ұйымдастыру, жүзеге асыру отбасынан басталып, мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде және мектепте жүзеге асады.

Осы тұрғыда Қожахметова К.Ж. өз еңбегінде ұлттық педагогика тұрғысынан бала жеті жасқа толғанда жеке тұлға ретінде қалыптасады, - жеті жасқа дейін балада ақыл болмайды, жеті жастан соң балаға ақыл кіреді деп көрсетеді. Ол баланы жеті жастан он екі жас аралығында тәрбиелеу керек дейді /2, 317/.

«Тәрбие – ұлы іс, ол арқылы адамның тағдыры шешіледі» деп В. Белинский айтып кеткендей, бала бойындағы кішкентай кемшіліктерді дер кезінде түземесе, ол ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашуы әбден мүмкін. Бұл үшін жастардың өмірге көзқарасы өзгеруі тиіс. Ал оны өзгертетін бүкіл мемлекеттік деңгейдегі бір бағытта жүргізілетін әділетті де тиянақты тәрбиелік жұмыстар мен экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және саяси жағдайлар. Бұгінгі жастар тәрбиесіне қатысты қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселенің бірі-осы.

Әркениеттілік елдің материалдық байлығымен өлшенеді. Әркениеттілік негізін қалыптастырудың нысанасы-ұрпақтың саналы тәрбиесі. Бұгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндіктерін жетілдіру әр адамның, қоғамның міндетіне айналып отыр.

Ал педагог-тәрбиешілердің міндеті – қоғамның талабын қанағаттандыратын сапалы да сапалы ұрпақты тәрбиелеу, дайындау.

XXI ғасырдың басында адамның қоршаған оргамен өзара қатынасы құрделене түсті. Ол бір жағынан мәдениеттердің ғаламдануы мен кірігуі, екіншіден, рухани жұтандыудың ахғындаудың удеуімен, қазіргі жеке тұлғаның адамгершілік-рухани қалыптасуын қамтамасыз етумен түсіндіріледі. Себебі «тәлімсіз алған білімнің күні қараң» деп Әл-Фараби айтып кеткендей, адам қаншалықты білімді болғанымен оның рухани дүниесі таяз болса, ол білімнің түкке де қажеті жоқ. Өйткені ол адам мен қоғам иғілігіне емес, тек өз қарақан басында жұмсалады. Әр адам «ырыс-дәүләтке қолы жеткен соң, халыққа пайдан тиетін болсын» деген нақыл сөзді жадында ұсташы қажет. Қазіргі қоғамда белен алып отырган кейбір келенсіз жайтарға адамдар арасындағы бұрыннан қалыптасқан адамгершілік қарым-қатынас әдептілік пен имандылық бағытындағы дәстүрлердің бұзыла бастауы себеп болып отыр. Оған әлеуметтік-экономикалық саяси және ғаламдану факторлары да әсер етпей қоймайды. Адамдар арасында бір-біріне деген

сыйластық, туыстық сезімдерінің жойыла бастауы, жастардың үлкендерді сыйламауының орын алуды салдарынан қарттар үйлері мен жетімдер үйлерінің көбеюі, ұрлық-қарлық пен нашарқорлықтың көбеюі сияқты жағымсыз нәселелерге әкеледі. Адамдар арасында бір-біріне деген сыйластық, туыстық сезімдерінің жойыла бастауы, жастардың үлкендерді сыйламауының орын алуды салдарынан қарттар үйлері мен жетімдер үйлерінің көбеюі ұрлық-қарлық пен нашарқорлықтың көбеюі сияқты жағымсыз нәрселерге әкеледі. Адамдар «ата-ананына не істесен, сенің перзентін де саған соны жасайды» деген халық даналығын ұмытып бара жатқандай. Ата-бабаларымыздың өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі-халық педагогикасы. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиені жас ұрпақ бойына сіңіріп отыратын арнаулы жолдар бар. Мысалы, мақал-мәтелдер адамды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелесе, жұмбақтар мен айтыстар ақыл-ой тәрбиесі, өлең жыр-дастандар - әсемдік, эстетикалық тәрбиенің әр алуан мәселелерінің қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған.

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оку-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру - өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оку-тәрбие процесіне тікелей байланысты.

Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Қазақ халқының және басқа ұлт тәжірибесі әртүрлі. Осы тұрғыда әр ұлт өзінің тәлім-тәрбиесін ата-баба дәстүрі мен ұлы ғұламар, ойшылдар, жыршы, жырауларының ой-пікірлеріндегі жеке тұлға тәрбиесінің негізін ала отырып, ұлттық ерекшеліктерін өз ұрпақтарының бойына сіңіріп, елін, туған жерін сүйетіндей етіп тәрбиеленген.

Демек, ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдары мәдениет тарихын Орта Азия және Қазақстанның ұлы ойшылдарының еңбектерінен көруге болады. Олардан жеке тұлғаны қалыптастыруда халықтардың бір-бірімен әдет-ғұрпы, салт-дәстүр тұрғысынан жақындығы ғасырлар қойнауынан орын алатындығын көреміз.

Осы орайда, жеке тұлға тәрбиесі туралы ой пікірлер айтқан Орта ғасыр ғұламалары; Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген классик ақындар мен ағартушы ғалымдар Шоқан, Ыбырай, Абай, одан бертін келе казактың зиялышары: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Көбеев, т.б. бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары» және т.б. шығармаларында адамзаттық игілікке, бақытқа,

шаттық өмірге жету жолындағы ең негізгі компоненттер деп жанұя мен тәрбиені атаған.

Ұлы ойшыл еңбектерінде баланың жеке тұлға болып қалыптасуында психикасының қалайша дамып, жетілгендігі жөнінде де қызығылықты пікірлер көп. Баланың жақсы өскен сайын оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындаиды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дene бітімінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Алдымен тән түйсігі, кейіннен барып дәм, иіс айыратын түйсіктепі, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті пайда болады. Бала психикасы негізінен, өмір барысында, окутәрбиесі ісінде қалыптасады. Бұл жерде оның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Жеке тұлғаның моральдық, психологиялық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, дұрыс жүргізілген тәрбиеден қалыптасады.

Әл-Фарабидің пікірі бойынша, адамның қалыптасуының тиімді құралы – тәрбие мен оқыту. Тәрбие мен оқыту үрдісінде шын бақытқа ұмтылуши жас ұрпақтарда адамгершілік және интеллектуалды сапалар қалыптасады. Адам бойындағы барлық адамгершілік қасиеттер жаттыгулардың, әдет-дағдылардың нәтижесі деп қарайды. Дұрыс жүргізілген тәрбие адамда игілікті сапа қасиеттерді тәрбиелеуден басталады. Әл-Фарабидің ойы бойынша, жақсы мінез әр адамның табиғатында бар, бірақ олар жүйелі тәрбие арқылы жүзеге асады. Ғұлама ғалым жағымды қасиеттерге адалдықты, мейірбандықты, жомарттықты, батылдықты, достықты жатқызып, адам бойындағы жағымды қасиеттерді қалыптастыруда арнайы педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығын айтады /3, 302-307/

Оралхан Бекеев: «Халықты қалқан тұтатындар бар; халыққа қалқан болатындар бар. Халықты қалқан тұтатындар әдетте «жасасын халық» деп ұранды салады да өзі сол халықтың ығына тығызып қалады. Ал халыққа қалқан болатындар үнемі алда жүреді; еліне атылған оқقا кеудесін төсейді. Халықты қалқан тұтатындар халықтың мойнына мініп алып, уралайды, биікте келеді; ал халыққа қалқан болатындар халықтың аяғына үзенгі болып, ел-жүрттың еңсесін биіктеткісі келеді» деген болатын. Бұл - өз халқын бүтін болмысымен сүйетін, азаматтың ғана айтар сөзі /4, 16/.

Халықтық тәрбиенің мінез-құлқы жайында А.С.Макаренко қызықты бақылаулар жүргізді. Оның ойынша, бұл процесс өзара параллельді жүруі тиіс. Бұған ол халықтың қоғамдық жұмысын, ырымдарын, ойынның барлық формалары мен оның көріністерін жатқызды. Жазудың пайда болуына дейін педагогикалық білім басқа халықтардың білімінен сирек жеке-дара дамыды. Адам тәрбиелеп қана қоймай, өзі де өзін қоршаған қоғам мен заттар арқылы тәрбиеленеді. Бұл жағдай А.С.Макаренконың пайымдауы бойынша, халықтық педагогикамен негізделеді. Ол өз бетінше бүкіл қоршаған орта мен оның барлық көріністері бала тәрбиесіне бағынышты. Тек қана адамдар ғана тәрбиелемейді, сонымен қатар қоршаған ортадағы ақиқат та, заттар да тәрбиелейді.

Халықтық тәрбиенің мінез-құлқы жайында А.С.Макаренко қызықты бақылаулар жүргізді. Оның ойынша, бұл процесс өзара параллельді жүруі тиіс. Бұған ол халықтың қоғамдық жұмысын, ырымдарын, ойынның барлық формалары мен оның көріністерін жатқызды. Жазудың пайда болуына дейін педагогикалық білім басқа халықтардың білімінен сирек жеке-дара дамыды. Адам тәрбиелеп қана қоймай, өзі де өзін қоршаған қоғам мен заттар арқылы тәрбиеленеді. Бұл жағдай А.С.Макаренконың пайымдауы бойынша, халықтық педагогикамен негізделеді. Ол өз бетінше бүкіл қоршаған орта мен оның барлық көріністері бала тәрбиесіне бағынышты. Тек қана адамдар ғана тәрбиелемейді, сонымен қатар қоршаған ортадағы ақиқат та, заттар да тәрбиелейді.

Мінез ерекшеліктерінің қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің рөлі күшті. Бұл жөнінде академик И.П.Павлов: «...адамның мінез-құлқының бейнесі нерв жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге организмнің жеке өмір сұру барысында болатын ықпалдарға да байланысты. Демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады»-дейді.

Мәдениетті мінез-құлқыты қалыптастырумен саналы тәртіпке тәрбиелеудің маңызды шарты және құралы – педагогтардың және оқушылардың өзара қарым-қатынасының дұрыс орнауы.

Оқушылардың мінез-құлқы мәдениетін тәрбиелеуде олардың өзін-өзі басқаруы мен сынып ұжымының іс-әрекеті өте маңызды.

Оқушылардың санасы мен мінез-құлқы мәдениетін, белсенділіктерін арттыруды, олардың қоғамдық пайдалы жұмыстарға катыстыру, тапсырмалар берудің ықпалы және тәрбиелік мәні зор. Қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындау барысында жастарда жауапкершілік пен іскерлік қасиеттері қалыптасады. Бұл үшін сынып жетекшісі оқушыларды қоғамдық жұмысқа мүмкіндігінше көбірек тартады. Қоғамдық жұмыстарды атқару барысында жекелеген оқушылардың қабілеттерімен жеке басының ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік туады. Екінші жағдайда қоғамдық тапсырмаларды орындау барысында балалардың бір-бірімен араласуы, оны атқаруға деген ынталы артып, өзара тез тіл табысып кетуіне мүмкіндік туғызады. Қандай да бір жаңа іс сынып өміріне қозғау салады, оны мазмұнды да жарқын етеді. Сондықтан да сыныптың әрбір мүшесі белгілі бір тапсырмаға ие болып, оны өзінің шамасына қарай орындауы керек.

Оқушылардың жіберген қателіктерін, дөрекі мінез-құлқытарын байқасақ, оны түзету қажеттігін талап ету керек. Оқушыларға мезгілінде көмектессек, дұрыс бағыт берсек жастардың үлкен қателік жасаудан сақтаймыз. Олардың дұрыс жолға түсіне көмектесеміз.

Мәдениетті мінез-құлқыты қалыптастыруда жастармен әңгіме, өлең, мысал сияқты әдеби шығармаларды пайдаланудың мәні зор, әрі балалармен жұмыс кезінде әзілдер мен мақал-мәтелдерді кеңінен пайдалану қажет. Сол арқылы оқушыларды жаман әдетпен теріс мінез-құлқытан аулақ болуга

үйрету керек. Мінез-құлық мәдениеті адамның ішкі мәдениетімен, эстетикалық талаптарымен, жалпыға ортақ бағыттармен және дәстүрлермен тығыз байланысты. Ішкі мәдениет көп жағдайда адамның сыртқы тәртібін анықтайды, алайда сыртқы мінез-құлық та ішкі мәдениетке әсер етіп, адамды ұстамды, іштей жинақы болып өзіне-өзі ие бола білуге дағдыландырады. Адамның сырт қабілетіндегі салақтығы, дөрекілігі, ілтиратсыздығы, әдепсіздігі біртіндеп оның жеке бойына тиісті теріс қасиеттерді қалыптастырады.

Қорыта келе айтарымыз, болашақ жастарды тәрбиелеу барысында Қазақстан Республикасының ертеңгі қажетін өтейтін, тілін, дінін, туған жерін қастерлейтін, білімді азамат өсіруде ұстанатын басты құралымыз көне заманнан бері ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегіне айналған халық дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті, ақын-жазушыларымыздың таңдаулы туындылары болуын міндеттейді. Сондықтан да ұлттық мұддеге деген сезім берік болмайынша, ұлттық келбет те соғұрлым биік болмайтынын ұғыну бүгінгі күннің аса маңызды мәселесіне айналып отыр.

1. Ахмет Иүгенеки // Қазақтар-Казахи. 9-ый том. Справочник. Алматы: 1998, 9 том.- 287-288 б.б.
2. Қожахметова К. Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Алматы: Ғылым, 1998.- 317 бет.
3. Әл-Фараби – философиялық трактаттар.- Алматы: Ғылым, 1972.- 302-307 б.б.
4. Абдраймов Ә. Ұлттық мәдениеттің іргесі берік. //Ақиқат. 2009. - №2-- 16 бет.

Резюме

В данной статье описываются средства и методы воспитания современных школьников, которые должны быть носителями и проводниками передовых идей нашего общества. Раскрываются с позиции современного подхода сущность и содержание нравственного воспитания школьников. Определяются педагогические условия, обеспечивающие эффективность нравственного воспитания.

Summary

This instruction describes means and methods of upbringing by active builders, who must be carrier and vehicle of our society. Description exposure of the essence and contents of elementary schoolchildren's morals related education from the point of the view of contemporary approaches. Verification of pedagogical conditions providing for efficiency morals related education.

ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕ БЕРУДІН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Ш.Абижанова -

*Абай атындығы ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің
2 курс магистранты*

Қазақстанда бейнелеу өнері профессионалды түрде XX ғасырдың 20-30 жылдары европалық дәстүрдің негізінде құрылды, бірақ та ең басынан онда ұлттық дүниетанымның тұрақты стереотиптері айқын байқалды.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктің негізін құрайтын белгі, ол, ұлттық өнерге көзқарас пен ұлттық дәстүр. Қазақстан бейнелеу өнерінің рухани ерекшелігі мен кәсіби көркемдік өзгешеліктің қалыптасуы халықтың санасы мен ішкі сырының әрдайым қатынаста болуына байланысты.

Осының нәтижесінде, шамамен жұз жыл ішінде өзінің ерекшелігі, өзіндік ұлттық өнері, тілі, мәдениеті және идеясы бар ұлттық өнер мектептері құрылды. Ұлттық өнер – бұл мәдениет өзегі, бұл арқылы дүниетанымның негізі ұрпақтан-ұрпаққа қалып, ғасырдан-ғасырға дамып отырды.

Ерте заманда тәніршындық сияқты іліми – сенім болған, бұл дүние танымдық көзқараста көк аспан, жер, су, тау, өзен, төбе, ағаш сияқты қасиетті де киелі заттарды құрметтеп, әспеттеген. Осы киелі дүниelerді әспеттеп құрметтеу, біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетаныммызға негіз болу философиясын қалыптастырған.

Ұлттық бейнелеу өнері. Барлық халықтарда дамудың төменгі сатыларында болатын және барлық негізгі аспектілерде (қызметі, түрі, жанры, образдары және т.б. с.с.) тығыз сабактастық сақталатын өнер түрі. Оның айрықша ерекшеліктері: шығармашылық кәсіби сипат алмағандығы, оның жеке бастан тәуелсіздігі, мифологиялық символикаға, сырға толы болуы, бүкіл діни табыну кешенімен ажырағысыз байланыстылығы. Олай болса ұлттық өнер дегенді халықтың тіршілік етуі барысында дамып қалыптасқан «өмір құбылыстарын, қоғамдық болмыс, сана нәтижелерін, адамның іс-әрекетімен көніл - күйін, сезімі мен бүкіл рухани дүниесін көркем образда, көркем тіл (түрлі бояудағы көркем образдар, пластикалық пішімдер, көлемдік - кеңістік формалары, сурет пен реңдер, жарық пен көлеңке сызықтары) бейнеленетін форма мен мазмұнның қатынасы деп түсінеміз».

Біз ертеден-ақ қазақ мәдениетінде ұлттық өнердің түрлі салаларын кездестіре аламыз. Қазақ ұлттық өнері тым ежелден, яғни, сақ дәуірі, неолит кезеңі, Андронов және көшпелілер кезеңдерінде де дамып отырған. Мысалы, ежелгі дәуірдегі бейнелеу, сәулет, мұсін өнерлері, олардың пайда болуы мен олардың даму эволюциясы, қолөнер шеберлігі мәдениетінің пайда болуының бастауы осы кезеңдер деп білеміз.

Ежелгі дәуірдегі ұлттық өнердің әлемдегі көптеген халықтар сияқты Қазақстанда да жартастағы адам мен жан- жануарлар суреттерінен тани аламыз. Мысалы, Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, А.Н.Бернштам секілді Қазақстан қазбаларын зерттеуші археолог ғалымдардың пікірінше, жартастағы – аң аулау суреттері және адамдардың үлкен шеңберді айнала билеп жүрген көріністері өз кезеңіне сай іс-қимылдарды көрсетеді. Бұл секілді петроглифтерді ғалымдар Орталық Қазақстанда, Қараңгір және Жамбыл тауларында, Тамғалы шатқалында, Шығыс Қазақстан облысы, Шілікті қорғанындағы жартастармен үңгірлерден табылғандығын айтады. Оған қоса Есік қаласынан 1970 жылы табылған сенсациялық ашылу «Алтын адамдағы» сақ жігітінің киімдеріндегі әр түрлі өрнектеулер мен әшекейлер сол дәуірдегі ұлттық өнердің, мәдениетінің жоғары деңгейде болғандығынан хабарлар береді.

Ұлттық өнерге мұнан басқа қолөнердің зергерлік түрі, сондай-ақ әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан кілем, алаша тоқу, сырмак сыру, кесте тігу деген секілді композицияға толы бұйымдары Қазақтың бұрыннан ұлттық өнерде өзіндік көркемдік талғамы биік болғандығын аңғартады.

Бүгінге дейін қазақ ғалымдары ежелгі Қазақтардың рухани мәдениетінің, ұлттық өнерінің ерекшелігін, тұжырымдамасын және мәнін сақтау, анықтау барысында олардың даму сатысын зерттеуді де қолға алды.

Ежелгі ұлттық бейнелеу өнерінде мұсін, қол өнері, сәулет өнері өзінің бір ерекше бір сиқыршылық – салттық функцияларымен ежелгі адам түсінігіндегі адам мен әлемнің пайда болуындағы мифтік – космоногиялық мәселелері де болды.

Бұған қоса Қазақстанда өмір сүрген ежелгі отырышылардың көркем мәдениетінде философия және прагматикалық бастамалар тепе - тең дәрежеде дамып отырған.

Сонымен қатар, сол кездерде ұлттық өнер ішінде ең көп тараған өнердің бірі – керамика болатын. Керамика - көркем қолөнері кәсібінің бір түрі ретінде мәдениетімізде қалыптасқан. Керамикалық ыдыстар қазақтардан басқа Орта азия халықтарында да, ежелгі европа елдерінде де жасалған. Мұны ертедегі зират басындағы қазбалардан табылған құмыралар мен құтылардың, қазандардың табылуынан көреміз. Қазақстанда әр түрлі көлемді өрнектелген құмыралардың алғашқы түллери неолит дәуірінен басталған.

Қазіргі кездерде қыштан жасалған ыдыстармен қоса әр түрлі қол өнер бұйымдарын қазіргі мұражайларда көптең кездестіреміз. Дегенмен де олардың пайда болу, шығу тарихын анықтау, әрине, қыынға соғары даусыз. Десекте, көнекөз қариялардың айтуынша әрбір орналасқан ауылдық, не қалалық жерлердің орны – ежелгі ата қоныстарымыз болғандығын айта отырады.

Ал, сақ дәуіріндегі зергерлік бұйымдар 1 – мыңжылдықтың басында Еуразия далаларында көркем қолөнер кәсібінің даму жүйесі болған. Осы кезенде біздің Жетісу өнірінен зергерлік атрибуттар табылған. Сақ мәдениетінің гүлдену кезеңі б.д.д. 1-мыңжылдықтың орта кезінде Алтай,

Сарыарқа, Іле Алатауы, Батыс Қазақстан аумақтарынан көруге болады. Мұндағы зергерлік бүйімдардан дала мәдениетінің рухы, сол кездегі түрғындардың нағым-сенімдері де көрініс табады. Мысалы, бұған дәлел ретінде Есік қаласынан табылған «Алтын адамның» зергерлік әшекейлік жолмен жасалған тұмары болғандығын айтуға болады. Түрлі әшекейлерді олар мұнан басқа қару-жарактардың сабына дейін өрнектелген.

Олардың көркемдік эстетикалық жағы өте жоғары деңгейде болады. Өйткені, қарулардың әмбебап пішіндерінің қалыптасуы, оны ою-өрнектермен әсемдеуі, Еуразия далаларында қолданысқа ие болуы – көшпелі халықтардың қару – жарак ісінің белгілі бір дәрежеде дамып отырғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ сақ дәүірінде өсімдік мотивтері де пайда болған. Ертедегі көшпенділердің өнерінде мифологиялық сюжеттерді бейнелегенде, олар өсімдік әлеміндегі барша шынайылықты қолдана білді. Бұл қазіргі дәүірдегі әр түрлі тақырыптардағы бейнелеу өнер түрлерінде кездестіруге болады. Яғни, мозаикаларда, (тастан гүл суреттерін жасау), экзотикаларда өсімдік әдемілігінің шынайы келбетін көреміз. Өсімдік әлеміндегі мұндан сюжеттерден көбінесе философиялық сыр сұлулықты аңғару қыын емес.

Қазіргі кезде қазақ бейнелеу өнерінің майталмандары да, бар жігерін ұлттық өнердегі жаңа көзқарастармен жаңғыртып, әлем картинасын жазу кезінде, бір ұлы жүйеге бағынатын космогониялық дүниетаным түсініктерін бағындыратын бағытқа деген қажеттілік пайда болғанын түсініп, жаңа ізденістерге ұмтылуда. Ол Қазақтың көне ұлттық өнерінің дүниетанымдық болмысы мен суретшілердің дүние жайлы түсініктерінің синкретті және жан-жақты қабысусының арқасында қалыптасып, рухани миравының жалғасқандаған, ұлттық өнердегі жаңа бағыттың көрініс табатынын түсінді. Сондықтан, қазақ бейнелеу өнерінің орта буындағы яғни, қазақстан суретшілері туындыларында ұлттық өнерге, көнелікке, ескілікке, тарихи деректерге деген үлкен қызығушылық көріне бастады.

Ал, бүгінде жастарға ұлттық өнерге – жоғары рухани мәдениеттің айнасы деген пікірді уағыздап, оған деген он қозқарастарын қалыптастыру – қазіргі кездегі болашақ суретші-педагогтың тікелей міндеп болуы қажет деп ойлаймыз. Себебі, ұлттық өнер жастарды өзінің болмысымен, тарихи, табиғи сипатымен тұңғибы – тереңінде болып жатқан құбылыстарын терең аша отырып, жоғары көркемдік талғамға тәрбиелей алады. Мұнда ұлттық өнер қазақ халқының тіршілік өмір салтымен, материалдық және рухани бай дүниесімен, ұлттық тәрбиесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен ерекше сипатталады.

Халқымыздың қолөнерін, сәндік қолданбалы өнер туындылары және оларды дайындау барысы: біріншіден жастардың бейнелеу, еңбек мәдениетін қалыптастыруды қарастырса, екіншіден, эстетикалық тәрбие және сапалық қасиеттерді қалыптастырудың көзі, үшіншіден, қалдықсыз технология бойынша бейнелеу өнері пәнінде білім мен іскерліктің негізі ретінде қарастыруға болады.

Оку-тәрбие процесіне этнопедагогикалық білім мазмұны мен іс-

әрекеттерін енгізу және жүзеге асыру, этностық мәдениетке баулу мақсатында көптеген Қазақстандық педагог-ғалымдардың тынғыштықты атқарып жатқан еңбектерін атап кетуге болады.(С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Қ.Бөлеев, Ж.Асанов, т.б.).

Ж.Асановтың еңбегін талдау негізінде жеке тұлғаның этнопедагикалық білімдер мен тәжірибелер құрылымынан әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс, шаруашылық тәжірибелердің, мәдениет пен ұлттық өнер түрлерінің өзіндік орын алғандығын көреміз. Біздер "этнопедагикалық мәдениет мазмұны деп, этнопедагикалық білімді, құбылысты және тәрбиелік, танымдық іс-әрекетті түзетін элементтердің, байланыстардың, қатынастардың жиынтығы" – деп білеміз. Ал, "этностық мәдениет - халқымыздың тұрмыстық өмір тіршілігіне тән білімдерді (қонақжайлышы, ісмерлік, эстетикалық талғам, этностық мәдениеттілік), құбылыстарды сипаттайтын және жеке тұлғалық сапалық, жағымды қасиеттерін қалыптастырудың эстетикалық тәрбиелік іс-әрекеттер, байланыстар мен қатынастар" ретінде сипатталады.

Ұлттық мәдениетке қатысты зерттеулерді және оған берілген анықтама тұрғысынан ұлттық мәдениет құрылымы анықталады:

- адамдар арасындағы қарым-қатынаста;
- еңбек, өндіріс құралдарымен іс-әрекетте;
- табиғат тіршіліктерімен арасында және оларға ықпал етуде;
- дәстүрлі тұрмыстық тіршілікте;
- образдық қолданбалы, көркем шығармаларды жасауда;
- ұлтқа тән дәстүр элементтерінің орындалуымен;

Ұлттық өнердегі, мәдениеттегі іс-әрекет мақсаттары:

- гностикалық тұрғыдан: тану, анықтау, түсіну, тексеру, бағалау. Мәселен, рухани өнер, мәдениет құндылықтарын анықтау және бағалау, т.с.с.;

- түрлендірушілік тұрғыдан: түрлендіру, өңдеу, ұйымдастыру, әсер ету. Адамның өзін және қоршаға ортасына қатынасын түрлендіру, сапалық қасиеттерді іс-әрекеттерді (салт, дәстүр, жөн-жоралғы, т.б.) ұйымдастыру, материалдық игіліктерді өңдеу, сыйласымдық қарым-қатынас жасау.

- ізденушілік тұрғыдан: ойлап табу, өнер үлгісін құрастыру. Сәндік-қолданбалы өнерде шығармашылықпен тұрмыстық заттарды әзірлеу, т.б.

Ұлттық өнер мен мәдениетке тән нысандардың мазмұны:

- ұлттық төл ұғымдарымен;
- ұлттық өнеріне тән іс-әрекет үлгілерін орындау іскерліктерімен;
- ұлттық өнер нысандарын орындау мен жүзеге асыруды қалыптастыратын жеке тұлғалық сапалық қасиеттермен анықталады.

Ұлттық өнер нысандары арқылы жастарды эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу көпшілік ортада, ұлттық мерекелерде, салт-дәстүр, жөн-жоралғылар, т.б. іс-әрекеттерде ара-кідік жүзеге асырылады. Ұлттық өнерге студенттерді баули отырып, эстетикалық тәрбие беру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Оның ішінде:

- ұлттық өнер нысандарын сипаттайтын оқу материалдары теориялық түрғыдан оқу пәні және тәрбие жұмысы бағдарламаларының мазмұнына ұғымдар түрінде сұрыпталып, бүгінгі қунге жарамдысын қосу;
- оқу пәндері бойынша теориялық сабактарда, практикалық жұмыстарда, тәрбие жұмыстарында студенттердің ұлттық өнерге тән нысандарды орындаудың, дайындаудың ұйымдастыру;
- ұлттық өнер негізінде студенттерге эстетикалық тәрбие бере отырып пәнаралық байланысты ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Жоғары мектептің көркем сурет факультетінің оқу пәндерінде студенттердің ұлттық өнерге деген ынталары мен қызығушылықтарын қалыптастыру мүмкіндіктері мол.

Кез келген оқу пәні мазмұндағы ұлттық өнерге тән іс-әрекеттерге дайындық: бақылау, салыстырма талдау, талдау және жинақтау, жүйелеу, зерделенетін нысан мен құбылыстың себеп-салдарлық байланысын анықтау, т.б. жалпы ғылыми әдістерді пайдаланумен жүзеге асырылады. Оқытушылар тарапынан оқыту әдістері білімді және іс-әрекетті менгеру түрфысынан орындалады.

Ұлттық бейнелеу өнер үлгілері кең мағынада қарастырылып, ол жоғары мектептің көркем сурет факультетінің «бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәнін оқып менгеру, ғылым негіздерін зерделеу, қоғамға пайдалы, студенттердің шығармашылық және басқада көркем іс-әрекеттерін қамтиды.

1. Байжігітов Б. Өнер тарихы мен теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Ислам әлемі, 1999.- 147 б.
2. Қазақстан халқына жолдауы. 2003 жылы сәуірде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қалиев С. Ұлттық педагогиканың негізгі қағидалары //Бастауыш мектеп. – 1994. - № 1, № 2, № 3.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы, 1995. 352 .
5. Ұзақбаева С. Балаларга эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. - Алматы: Қазақ ССР Білім қоғамы, 1990. - 30 бет.
6. Мухамбаева А.Х. Национальные обычаи и традиции казахского народа и их влияние на воспитании детей и молодежи: Автореф. дисс... к.п.н: 09.01.1974. – М., 1974.
7. Тайжанов А. М.Әуезов халықтың педагогика мен ұлттық тәрбие туралы //Ақықат. – 1994. - № 3.- Б. 89-94.

Резюме

В данной статье автор рассматривает развитие эстетического воспитания студентов посредством национального искусства. Автор считает, что потенциальные возможности национального изобразительного искусства являются основным средством развития эстетического воспитания студентов.

Summary

In given article the author considers problems of aesthetic education of students on the basis of national art. The author considers potential possibilities of the national fine arts as basic means of aesthetic education of students in the course of training.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

Ж.Айнақұлов -

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура
институтының «Бейнелеу өнері және сзызу» мамандығының
2- ші курс магистранты*

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейі мен өлшенбейді. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары білім беру технологиясын менгеру дүние жүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім берумен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыстың қажеттігі дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінен туындаиды. Ол оқу пәндерінің топтары деңгейінде табиғаттың, қоғамның, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі жетекші және жалпылама қафидаларды қамтиды. Оқу пәндерінде қарастырылатын аталмыш қафидалар оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесіне біріктіреді. Бұл жерде пәнаралық байланыстың дүниетанымдық қызметі маңызды рөл атқарады. Пәнаралық байланыс негізінде білімдер жүйеге келтіріледі, олардың беріктігі қамтамасыз етіледі. Пәнаралық байланыс бірқатар оқу пәндеріне ортақ негізгі қафидалар, ұғымдар, деректер, ғылыми таным әдістері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқу материалының қайталанбауы, тиімді орналасуы, оқытушылардың бірлесе жұмыс істеуі сияқты бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелері шешіледі. «Бейнелеу өнері» пәнін оқушыларға оқыту барысында пәнаралық байланысты үнемі ескеріп отыру қажет. Пәнаралық байланыс білім, білік

және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді, оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі.

Сонымен, пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық сипаты арасындағы байланысты құру.

Пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:

1. Оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың дамуына жағдай туғызады.

2. Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы мен білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан – жақты білім мен тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыс педагогикалық әрекеттің ғылыми негізде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

Оқушыларға тиянақты білім берудегі сол бұрынғы білімнің бір – бірімен байланыстылығын философтар да ерекше атап көрсеткен. Мұғалімнің көздейтін басты мақсаты оқушыларға берілетін ғылыми білім негіздерінің бірлігін, пәнаралық байланысын сақтап отыру. Пәнаралық байланыс кезінде оқушылардың ойының тиянақталуына, қиялдануына, ұғымды менгеруге, ойда сақтау мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасалады. Бастауыш сыныптардағы оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптасыруда білім мазмұнының тиімділігі, оқытудың тиімді әдістерін іздеңдеріру жолдары пәнаралық байланысты күштейтуге себебін тигізеді. Қазіргі кездегі білім беру ғылымның, мәдениеттің, ғылыми техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы қажет. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланыс, өндіріспен қоғамдық дамудың жаңару барысына тікелей ықпал жасайды. Осыған байланысты қазіргі күрделі қайта жаңғыру кезінде бастауыш мектептегі оқыту процесінде пәнаралық байланыс ерекше педагогикалық маңызды мәнге ие болуда.

Пәнаралық байланыстың педагогика ғылымында қалыптасқан идеяларының өзіндік даму тарихында Батыс Еуропадағы педагогикалық идеялар мен тұжырымдардың бастауында атақты педагогтар Я.А.Коменский, Д.Ж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, И.Ф.Гербарт пәнаралық байланысты педагогикалық ғылымының күрделі мәселелеріне жатқызды. Олар жас буынға, келешек ұрпаққа білім беруге табиғат құбылыстарының өзара байланысы жөніндегі көзқарастарын, дүниетанымын дұрыс қалыптастыру керек екендігіне баса назар аударған.

Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім берумен оқыту талаптарының бірі. Әлемнің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан пәнаралық байланыс қажеттігі туындаиды. Оқу пәндерінде қарастырылатын табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі негіздер олардың білім беру мазмұнының біртұтас

жүйесін біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі өте маңызды және шешуші рөл атқарады. Дүниеге көзқарас дегеніміз – адамдардың, жеке адамдардың іс - әрекетіне терең әсер ететін әлем және оның даму заңдылықтары жөнінде табиғат және қоғам құбылыстары мен барыстары жөнінде біртұтас тиянақты көзқарастар жүйесі. Дүниенің өзі микро, макро, мега жүйелерді құрайтын бір – бірімен көп салалы байланыста болатын объектілермен құрылыстардың жиынтығы болса, дүние танымның негізі дүние туралы белгілі бір білімдердің жиынтығы кіреді. Дүниетаным әр түрлі білімдерді игеру барысында, сонымен бірге құнделікті көзқарастарды санада түю нәтижесінде қалыптасады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне енуде педагогика теориясымен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістер мен байланысты: білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңа, жаңа көзқарас басқаша қарым – қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда. Педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән беруде оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық – педагогикалық бағыттағы негізгі ой тұжырымдары былайша сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы менгергендерді пайдалана отырып ақыл ойды дамытатын оқуға көшу;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл – ойы әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыларға білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқаудағы мазмұнын, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр–түрлі оқыту технологияларын оку мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынып қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласында оқытуудың озық технологияларын менгермейінше сауатты, жан – жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияның менгеру мүғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетін қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оку тәрбие үлгісін тиімді үйімдастыруына көмектеседі. Педагогикалық технологияларды мәнділігіне, қолданылуына, үйімдастырылуына қарай бірнеше топтарға бөледі. Қолдану деңгейіне қарай (жалпы педагогикалық, пәндік, жеке әдістемелік, модульдық) психикалық дамудың жетекші факторына қарай (биогендік, социогендік, идеалистік қабылдау концепциясы бойынша (ассоциативтік – рефлекторлық, дамытуши т.б.) Қазіргі кездегі әдебиеттерде 50 - дең астам педагогикалық технология қолданып жүр. Ал, енді пәнаралық байланыстағы жалпы және жоғарғы оку орнындағы қоғамдық-саяси сабактарында қарастырып көрелік. “Қазақстан Республикасының тарихы” пәні бұл жерде тақырыбымызға байланысты оқушыларды еліміздің мәдени қазыналарына өте үлкен көңіл бөлуіне тарту керек. Тарихтағы қазба байлықтардың ерекшеліктеріне, қазақтың қолөнер бұйымдарының технологиясы басқа

мемлекет мәдениетімен ұқсастығы, тұрмыстық-кәсіби шаруашылықтарының ортақтастығы, солардың ішінде жалпы Қазақ киімдерінің қазынасы, киімдердің ерекшеліктері, оның әлемдік мәдениеттегі алатын орны т.б. Окушыларды еңбекке баули отырып кәсіптік бағыттағы шеберлерге, олардың тұрмыстық әл ауқатына қоңіл бөлдіруге бейімдеу қажет. Технология сабағында берілген тапсырманы сауатты орындау үшін келесі пәнаралық байланыстарды окушыларға неғұрлым қалыптастыру керек, олар:

“*Философия тарихы*” пәні жалпы кәсіптікке негіз бола отырып арнаулы бағыт жолдайды. Соның ішінде педагогикалық-этнопедагогикалық байланыстарды айқындай отырып сыртқы сезімді сұрыптаپ, ішкі сезімге нақтылы заңдылықтар бағыттайты. Бұл пәннің категориясы мен заңдылықтарының диалектикасы жәй бейімдеу емес, нақтылы педагогикалық тұжырымды білдіреді.

“*Экономика теориясы*” пәні “жалпы еңбекте орасан орын алатыны анық. Ол болашақ шебердің іскерлігі мен біліктілігін бір жүйеге келтіре отырып шикі заттарды қалай, қай жағына тиімді, үнемі пайдалану жолдарын қарастыратын пән. Сондай-ақ өнімнің сұраныс, тұтынушылардың әл-ауқатына сәйкестендіреді және арзандату процесімен әдемілігін, өнімнің өтімділігін жоспарлайды. Бұл сабакта қандай да болмасын өнімнің шығу ерекшеліктеріне, олардың оңай әрі тез жасалынатын құпияларына окушыларды баули отырып, қазіргі нарықтық экономиканың негіздеріне қоңіл бөлдіру керек. Киім бұйымдарындағы ұлттық Қолөнерді қамтитын, қазіргі тұтынушыларға қажеттігін ескере отырып, арнаулы шеберханаларды қалай үнемді ұйымдастыру, мектептегі окушыларды қалай баулу, тіпті шығарған өнімдеріне ақы төлеу жолдарын теориялық негізінде жеткізе білу қажет. Сонда ғана окушыларды құнделікті қажетті киім және т.б. қолөнер бұйымдарын жасауға дайындық процесін сауатты ұйымдастыра аламыз. Окушыларды қазақтың қолөнер бұйымдарын жасауға дайындау процесінде қол өнер бағытында “Мәдениеттану”, “Саясаттану”, “Қазақстанның қазіргі саяси өмірі”, “Жалпы психология”, “Жалпы педагогика пәндерін үйрету әдістемесі” пәндерімен тығыз байланыстырып отыру керек. Сондай-ақ өзін-өзі оқыту жүйесіндегі әдебиеттерге, оқулықтарға, газет-журналдардағы қолөнер бағытындағы мақалаларды оқытуды мақсат ету қажет.

1. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М., 1955. - С. 287.
2. Әкімбаева F. Пәнаралық байланыс. //Бастауыш мектеп. – 1996. - №3.
3. Песталоцци И.Г. Избранные педагогические произведения. – М.: Издательство АПНРСФСР, 1963. – 175 с.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2000.
5. Гомелева О.В. Межпредметные связи в формировании коммуникативных умений //Педагогика. – 2001. - № 4. – С. 14 -19.

Резюме

В данной статье дается понятие межпредметной связи и рассматриваются некоторые вопросы использования межпредметных связей в изобразительном искусстве, а также подчеркивается их значимость в деле образования и воспитания подрастающего поколения.

Summary

In given article the concept of intersubject communication is given and some questions use of intersubject communications in the fine arts, their essence and the importance in formation and education business generations are considered.

С о д е р ж а н и е

Султанова М.Э. Изобразительное искусство и музыка: компаративизм художественного языка.....	3
Кисимисов Е.Т. Формирование творческой активности будущих учителей изобразительного искусства на занятиях по декоративно-прикладному искусству.....	7
Шайгозова Ж.Н. Художественная культура - фундаментальная база поликультурного образования будущих учителей изобразительного искусства.....	12
Қожағұлов Т.М. Композициялық қабылдауды қалыптастыру туралы..	18
Лапп Г.В. Актуальность проблемы развития творческого мышления студентов на занятии по черчению.....	21
Жаманқараев С.К. Основные направления организации учебно-творческой деятельности кафедры академического рисунка.....	27
Салауатов Б.С. Средства создания портретной характеристики в рисунке.....	30
Оразқұлова Қ.С. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы бейнелеу өнеріндегі «тұлға» архетипі.....	35
Андреева Л.Н. Творческий подход к выполнению заданий по черчению.....	39
Адамқұлов Н.М. Қазақтың қолөнері арқылы студенттердің іс-әрекетін қалыптастырудың мүмкіндіктері.....	46
Мендешева Р.А. Бейнелеу өнері оқытушыларын адамгершіліктік тәрбиеге дайындау.....	50
Рабилова З.Ж. Пленэрлік практика барысында болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға арналған оқы-әдістемелік ұсыныстар.....	53
Ақбаева Ш.Ә. Жоғары мектептің білім беру жүйесінде «Бейнелеу өнері» пәнінен білім берудің кейбір мәселелері.....	57
Келденова К.К., Келденова С.К. Қосымша білім беру жүйесінде бейнелеу өнері саласында оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру.....	61
Қайдаров М. Су бояудың тарихы мен қолдану тәсілі.....	67
Донченко О. Кружки как эффективное средство развития образного мышления школьников.....	70
Капашева Ж.Д. Певческая деятельность как фактор эмоционального развития младших школьников.....	75
Тастанова С.П., Тастанова А.П. Ұлттық тәлім-тәрбие болашақ мұраты ретінде.....	78
Абижанова А.Ш. Ұлттық бейнелеу өнері негізінде студенттерді эстетикалық түрғыда тәрбие берудің теориялық негіздері.....	84
Айнақұлов Ж. Пәнаралық байланыстың бейнелеу өнері пәнінде көрініс табуы.....	89

ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК
«Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы -әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика»
№ 3 (24), 2010

2001жылдан бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 номір

Tікелей берілген репродукциялық әдіспен басылады

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10099 – Ж

Басуға 06.08.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 7,4 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 259.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы

